

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша менгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру үйымы балабақша	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» Бала саны 25				
Балалардың жасы	3-4 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Қасымбекова Гүлзахира				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	03.10-07.10.2022ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	03.10.2022	04.10.2022	05.10.2022	06.10.2022	07.10.2022
Күн тәртібі					

Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызының, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшага апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға қоршаған заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларға қуыршақ киімдері мен тәсек жабдықтарын жуу кезінде педагогке көмектесуге үйрету: балаларды жұмысқа кіріспес бұрын жұмыс алжапқыштарын киуге үйрету; жууға және кептіруге қажетті керек-жараптарды, сондай-ақ жұмыс орнын дайындау, сабынды қолдана білу іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды тарақтарды тазарту жұмыстарында педагогке көмектесуге үйрету: суланған тарақтарды шаю, оларды щеткалармен тазалау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балалардың еңбекке деген дүрыс көз-қарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды таза, ұқыпты болуға, дербес әрекеттерін жетілдіре түсуге, үйымшылдыққа тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды топ бөлмесіндегі реттілікті сақтауға үйрету: үстел, орындықтардың, сөрелердің шаңын сұрту. Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орына жинауға тәрбиелеу.
	"Үй құрылышының	"Қай жерде	"Күз" мезгіліне	"Дәл осындай гүлді	"Қуыршақ қонаққа

	<p>ретін көрсет" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.</p>	<p>шырылдады?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты: дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау; алдын-ала дайындық жұмысы:</p> <p>коныраушаны дайындайды.</p>	<p>байланысты сюжетті суреттер көрсету.</p> <p>Мақсаты. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету.</p>	<p>тап" үстел үсті ойыны.</p> <p>Мақсаты: балаларды суреттегі кескінге ұқсас заттарды табуға жаттығу, зейінділікке тәрбиелеу, балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру.</p>	<p>барады" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты: ұзын - қысқа, жуан - жінішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.</p>
Таңертенгі жаттығу	<p>(Жалпы дамытушы жаттынулар, қымыл белсенділігі) (орамалмен)</p> <p>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дene тік, қол төменде</p> <p>1.1. Балалар орамалдарымен беттерін жауып, "тауып ал" дейді.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дene тік, қол төменде</p> <p>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалдарын умаждал "жуамыз" дейді.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде</p> <p>3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалдармен беттерін жауып "ұйықтайық" дейді.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дene бос, қол төменде</p> <p>4.1. Орамалдарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру</p> <p>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p>				
Таңғы ас	<p>"Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктеге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)</p>				

Үйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Шаттық шенбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Бақыт толы шенберге, Шаттық толы шенберге Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.</p>	<p>"Кай қолымда көп?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>"Көп және біреу" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үрету;</p> <p>заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.</p>	<p>"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.</p>	<p>"Танып ал да, атын ата" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты: заттың түртүсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.</p>
Білім беру үйымының кестесі бойынша үйимдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру "Домалайық". Мақсаты. Балаларды түрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және</p>	<p>Дене шынықтыру "Ғажап күздің сыйлығы". Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың</p>	<p>Музыка "Ару күз" Мақсаты.</p>	<p>Дене шынықтыру "Күз қандай?" Мақсаты. Балаларда түрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру; қиғаш</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу. "Саябаққа күз келді". Мақсаты. Балаларды қылқалам арқылы ағаштарда өскен</p>

	<p>допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін бекіту, оку қызметін пышықтау. "Себетке допты лақтыр" қимылды оыйны.</p> <p>Сөйлеуді дамытудан ойын- жаттығу.</p> <p>"Қызыл сары, сап- сары.. атты тақпақты жаттау. Дауысты [ұ], [ұ] дыбыстары." Мақсаты. Балаларға күзгі құбылыстың бірі, жапырақтардың түсүі жөнінде мағлұмат беру, ересектің соңынан күз туралы көркем сөзді қайталап, жаттауға үйрету. Сөздік жаттығу.</p>	<p>ұшымен және өкшемен жүргүге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдысын жетілдіру. "Чемпион" қимылды оыйны.</p>	<p>қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажыраты білуғе үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғактарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; күз кереметтері туралы ұфымдарын кеңейту. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажыраты білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғактарын</p>	<p>тақтайдың үстімен жүру дағдыларын жетілдіру; гимнастикалық шенберлермен жалпы дамыту жаттығуларын жасауға ынталандыру; оку қызметін пышықтау. "Әдемі жүреміз" қимылды оыйны.</p>	<p>және ағаштардан жерге түсіп, жерде жатқан сары жапырақтарды салуға үйрету; күз мезгілі туралы, жапырақтардың сарғайып, түскені жөнінде түсініктерін кеңейту. Саясақ жаттығу. "Жапырақтар ұшты".</p>
--	---	---	--	---	--

	"Күздің бояулары".		жасай білу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру. "Сарыала қаздар" ойыны.		
2- таңғы ас	Тағамның атаяын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сойлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауга, өз шкафын таңбалалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Құстарды бақылау. Мақсаты: көлеміне, қозғалу тәсілдеріне назар аудара отырып, әртүрлі құстардың сыртқы түрінің айырмашылығын таба білуге үйрету.	Сауысканды бақылау. Мақсаты: сауысканның пайда болуы, оған тән ерекшеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру;	Ауа-райын бақылау. Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру;	Шетенді бақылау. Мақсаты: шетеннің сүйк мезгілде жануарлар мен құстарға тигізетін пайдасы туралы білімдерін бекіту.	Жүргізушілердің енбегін бақылау. Мақсаты: балалардың жүргізуші жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру;

<p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қураған жапырақтарды бір ортаға жинау).</p> <p>Мақсаты: топта жұмыс істеуге үйрету, ересектерге көмек көрсету.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: “Құстар мен мысық” (2-3 рет ойнатылады).</p> <p>Мақсаты: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дene қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көніл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа,</p>	<p>қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (күзгі жапырақтарды жинау).</p> <p>Мақсаты: жапырақтарды жинау).</p> <p>Мақсаты: жұмыс тапсырмаларын ықыласпен орындауда үйрету.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға мен ит", "Допты ұста".</p> <p>Мақсаты: құстардың қимылдары мен дыбыстарына еліктеуге үйрету; допты екі қолмен ұстau іскерліктерін жетілдіру.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p>	<p>талдауға, қорытынды жасауға үйрету.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жемшашарды ілуге көмектесу).</p> <p>Мақсаты: құстарға қамқорлық жасауға деген ықыласты тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жылқы", "Мысық пен тышқан".</p> <p>Мақсаты: шашыраңқы жүгіруге, тепе-тендікті сақтауға үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Себетке дәл лақтыр".</p> <p>Мақсаты: дәлдікті дамыту.</p>	<p>орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі тастарды жинау).</p> <p>Мақсаты: тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұшақтар", "Торғайлар мен мысық".</p> <p>Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша қимылдарды тез орындауда үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Себетке дәл лақтыр".</p> <p>Мақсаты: дәлдікті дамыту.</p>	<p>ересектердің жұмысына деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі тастарды жинау).</p> <p>Мақсаты: тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүргізуілерміз", "Жапырақтар".</p> <p>Мақсаты: балалардың физикалық белсенділігін дамытуды жалғастыру; ойын әрекеттерінде ересектер еңбегі туралы білімді көрсетуге деген үмтүлісты</p>
--	---	--	--	--

	<p>қызыға ойнауга баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>қызығушылықтары бойынша ойын тандау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түссе білуін қалыптастыру.</p>	<p>Мақсаты: тепе-тендікті сақтауға, бір аяқта, қолды белге қойып тұруға үйрету.</p>	<p>қызығушылықтары бойынша ойын тандау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түссе білуін қалыптастыру.</p>	<p>ынталандыру.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p> <p>Мақсаты: қозғалыс дағдыларын жетілдіру.</p>
Серуенниен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)			
Күндізгі үйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			

Бирте-бирте тұрғызыу, сауықтыру шаралары	Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп-түсіру; Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жұру; Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	Вариативті компонент/Шығармашылық "Жапырақтар түсіп жатыр". Мақсаты. Балалардың күз мезгілінде жапырақтардың түсіүі туралы ұғымдарын көңейту; түрлі-түсті жапырақтар жөнінде түсінік беру; ермексаздан түрлі-түсті жапырақтарды жасау икемділіктерін жетілдіру. "Жапырақтар үшты" саусақ жаттығуы.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Сан алуан жапырақтар" Мақсаты. Балалардың "көп", "біреу", "бірде-біреуі жоқ" деген ұғымдарды ажырату дағдыларын жетілдіру; заттарды бір қатарға, реті бойынша, бір бағытта солдан онға қарай оң қолымен орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, көз	Қоршаган ортамен таныстырудан ойын-жаттығу. "Аула сыйыруши". Мақсаты. Балаларды аула сыйыруышының жұмысымен таныстыру; аула сыйыруышының атқаратын жұмысының ерекшелігі мен еңбек нәтижесінің маңызы туралы түсініктерін көңейту. Дидактикалық ойын: "Аула сыйыруышының құралдарын тап". "Күлкілі маймылдар"	Құрастырудан ойын-жаттығу. "Сары жапырақтар жерге түсті". Мақсаты. Балаларды құрастыруға икемді қағазды жұмарлау, бүктемелеу, жыртып алу амалдарымен, қасиеттерімен таныстыру; қағазды жыртып алғып, қолдағы кескінді белгілі пішінге, жапыраққа, ұқсатуға үйрету; күз мезгілі жөнінде ұғымдарды көңейту, жапырақтардың сарғайып түсіү жөніндегі	"Күмырсқалар" ритмопластика. Мақсаты: кеңістікті бағдарлай алу қабілеттерін жетілдіру, зейінді жаттықтыру. Барысы: педагогтің шапалағымен балалар залдың айналасында ретсіз қозғала бастайды, басқа балалармен соқтығыспай және үнемі бос кеңістікті толтыруға тырысады.

<p>"Торғайлар мен қарғалар" театрландырылған ойын.</p> <p>Мақсаты: зейінді, төзімділікті, ептілікте дамыту.</p> <p>Барысы: балалар екі топқа бөлінеді:</p> <p>"Торғайлар" және "Қарғалар"; содан кейін бір-біріне арқаларымен екі қатарда тұрады.</p> <p>Педагог атаған топ ұстап алады; аты аталмаған топ - "үйлерге" қашады (орындықтарда немесе белгілі бір сзызықта дейін).</p> <p>Педагог баяу сөйлейді: «Қар... - ға ... -лар...». Осы сэтте екі топ қашып кетуге дайын болады.</p> <p>Қарапайым нұсқа: педагог атаған топ</p>	<p>өлшемін, зейінді, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Дамыту жаттығуы.</p> <p>"Жапырақпен ойнайық".</p> <p>"Ұшады ұшпайды, өседі өспейді" театрландырылған ойын.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>балалардың танымдық қабілетін дамыту.</p> <p>Барысы: педагог затты атайды, егер ол үшса, балалар қолдарымен қанат қағуды көрсетеді; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар</p>	<p>театрландырылған ойын.</p> <p>Мақсаты: зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту.</p> <p>Барысы: балалар шашыраңқы тұрады - бұл маймылдар.</p> <p>Олардың алдында бала - хайуанаттар бағына келуші, ол әртүрлі қимылдар мен қимылдарды орындаиды.</p> <p>"Маймылдар", баланың іс-әрекеттерін қайталаиды.</p>	<p>түсініктерді анықтау. Құрылыш нәтижесімен ойнату.</p> <p>"Әлемге саяхат" театрландырылған ойын.</p> <p>Мақсаты: өз мінез-құлқын ақтай білу, сенімі мен қиялын дамыту, балалардың білімін дамыту.</p> <p>Барысы: балаларға әлем бойынша саяхаттау ұсынылады. Олар өздерінің жолдары қайда жатқанын анықтауы керек - шөл арқылы, тау соқпағымен, батпақ арқылы, орман, джунгли арқылы, кемемен мұхиттың арғы жағынан және мінез-құлқын соған сәйкес өзгертуі керек.</p>	

	алақандарымен шапалақтайды, ал екінші топ орындарында қалады.	қолмен жабады.			
Балалармен жеке жұмыс	<p>"Күз" тақпағын жаттау. Мақсаты. Бала тілін жаттықтыру. Эртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.</p> <p>"Күз" (Тұрдыбек Досанов) Ұшырды жапырақты жел екпіні, Ол, сірә, көрді дейсің елеп кімді.</p> <p>Жоғалтқан ойыншығын жас баладай, Мұңайып үй артында терек тұрды.</p>	<p>"Жау, жау, жаңбыр!" тақпағын жаттау. Мақсаты. Бала тілін жаттықтыру. Эртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.</p> <p>"Жау, жау, жаңбыр!" (Шеміл Мұхаметжанов) Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сен едің. Жас егін де ержетіп, Желкілдетсін желегін.</p> <p>Жау, жау, жаңбыр, тағы да, Дала, тауға көрік бер. Менің еккен бағымда Өссін жүзім, өріктер.</p>	<p>"Оз үйінді тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: өз қаласы туралы, ондағы үйдің орны, әртүрлі ғимараттар туралы білімді қалыптастыру; балалардың зейінділігін, байқағыштығын, бірнеше адамның арасынан өз үйін таба білу қабілетін дамыту; балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу қабілеті; балалардың туған жеріне деген қызығушылығын</p>	<p>"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны. Мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.</p>	<p>Жыл мезгілі жайлы әңгімелесу. Мақсаты: қарапайым сұрақтарға толық жауап беру іскерліктерін жетілдіру.</p>

			арттыру. Барысы: балаларға бірнеше ғимараттан тұратын суреттер ұсынылады, олар өз үйлерін тауып, жауап іздеуі керек.		
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтенкесін реттілікпен киоін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Сереуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қымыл-қозгалыс ойындары: "Шарларды домалату", "Допты қақпаға түсіру" (3-4 рет ойнатылады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішү рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қараша, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар.</p> <p>Балалардың өздері құрастырған ертегісін тыңдау.</p> <p>Логикалық ойындар.</p> <p>Еркін рөлдік ойындар.</p> <p>"Әлемге саяхат" театрландырылған ойын.</p> <p>Мақсаты: өз мінез-құлқын актай білу, сенімі мен қиялын дамыту, балалардың білімін дамыту.</p> <p>Барысы: балаларға әлем бойынша саяхаттау ұсынылады. Олар өздерінің жолдары қайда жатқанын анықтауы</p>				

	керек - шөл арқылы, тау соқпағымен, батпақ арқылы, орман, джунгли арқылы, кемемен мұхиттың арғы жағынан және мінез-құлқын соған сәйкес өзгертуі керек. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады".	"Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер" қабырға газеті.	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудагы отбасының рөлі" әңгімелесу.	Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".	Ата-аналарға кеңес. "Демалысты қалай өнімді өткізуге болады?"

Әдіскер:

А.А.Сулейменова